

ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ

ӘОЖ 81:372.881

З.- Ф. Қ. Бисенғали

әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ф. ғ. д.,
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: zinolgabden@hotmail.com

Өздік жұмыстарды ұйымдастырудың жаңа бағыттары

Студенттердің өз бетімен орындайтын өздік жұмыстарында жас қаламгерлердің шығармашылығы мен көркемдік ізденістерін талдап, қолданудың маңызы зор. Олардың көркем туындыларындағы жаңа бейнелеу әдіс-тәсілдерінің, көркемдік құралдардың қолдануы кейбір талантты туындыларда болашақ әдеби дамуға аса қажетті үлгілерді әкелуі мүмкін. Студенттер өз жұмыстарында көп талданылмаған шығармаларды қарастыра отыра осы ізденістер өзегіндегі басты көркемдік идеяларға барлау жасайды.

Студенттер замана талаптарын жақсы біледі. Бұл бағытта таластың болуы мүмкін емес. Бірақ ұстаздар тарапынан да ескеруге тиісті мәселелер бар. Ең алдымен, олардың таңдаған тақырыптарын дұрыс талдауына, әдіснамалық көмек көрсету. Өйткені шығармаларды талдау барысында уақыттарын текке жіберіп алмаулары түсіндіру керек.

Студенттердің дүниетанымы тез өзгеріп келеді. Талғам мен тілектері жоғары. Олардың көбі әдеби әлемдегі озық қазыналарды еркін аралай алады. Сондықтан олардың алдына жоғары талап қойып жаңа танымдардың сұлбасын байқауға әбден болады. Тек, ең алдымен, алдарына қойылатын мақсаттарды түсіндірсе болды. Замана талабына сай жаңа ізденістердің небір көріністерін бірден тауып, талдап көрсете алады.

Түйін сөздер: өздік жұмыстар, жас қаламгерлер шығармашылығы, көркемдік ізденістер, жаңа бейнелеу әдіс-тәсілдері, көркемдік құралдардың қолданылуы, талданылмаған шығармалар, әдіснамалық көмек, студенттердің дүниетанымы, талғам мен тілектер.

З.- Ф. Қ. Бисенғали

Новые направления при организации самостоятельных работ студентов

Материалы о молодых писателях, не выявленном их вкладе в литературу могут быть использованы в самостоятельной работе студентов, в исследованиях по истории литературы. Оказывать им помощь в определении направления исследований – прямой долг ученых, членов университетских кафедр. Свои положительные результаты даст участие в самостоятельной работе студентов их глубокий анализ, выявление лучших работ и поощрение их творчества.

Студенты хорошо знают требования времени. В этом отношении споров быть не может. Однако есть вопросы, связанные с замечаниями по отношению к преподавателям. Они, прежде всего, связаны с анализом выбранных научных тем, с оказанной методической помощью. Так как необходимо объяснять студентам, что нельзя попусту тратить время, когда идет процесс анализа произведения.

Мировоззрение студентов быстро меняется. Их запросы и намерения носят повышенный характер. Большинство из них свободно ориентируются в сокровищнице мировой литературы. Поэтому можно ставить перед ними сложные задачи и наблюдать проявления нового миропонимания. Самое главное – правильно объяснить им поставленные перед ними цели. И они прекрасно справятся с задачами, показывая образцы современного анализа и новые формы поиска.

Ключевые слова: самостоятельная работа, не выявленные вклады, неиспользованные результаты, прямой долг ученых, положительные результаты, анализ выбранных тем.

Z.- G. K. Bisenfali

The new direction in planning students self-study work

The materials about the unknown information on the creative activity of writers, their undiscovered contribution to literature may be used in the students' self-study work, in the research on the history of literature. The main responsibility of scientists, teaching staff of university departments is to render them the assistance in defining the directions of their studies. The participation of students in their independent work, their in-deep analysis, revealing the best papers and the encouragement of their creative activity will contribute to achieving positive results.

Students are very familiar with the modern requirements. In this sense cannot any dispute arising. But there are problems that teachers must take into account. First of all, provide them with methodological assistance in choosing the right theme. Since you have to explain to them how not to lose time in the analysis of works. Worldview of students rapidly changes. They have high tastes and wishes. Many of them are free to familiarize yourself with the world's literary treasures. So they can be quite high demands and understand the outline of the new knowledge. Importantly, to explain the problems that are put in front of them. In accordance with the requirements of the time they can instantly find the outlines of new research to analyze them and show.

Key words: unknown information, undiscovered contribution, self-study work, participation, independent work, encouragement, creative activity, modern requirements, dispute arising, methodological assistance.

Қазақ әдебиеті тарихынан модульдік жүйедегі өздік жұмыстарды ұйымдастыруда негізінен көрнекті қаламгерлер шығармашылығына басымдылық беріледі. Мұның теориялық та, қолданбалы да мәні бар. Алдымен, олардың шығармалары мен шығармашылығы туралы көп жазылған. Материалдар мол. Қажетінді тез тауып, тапсырманы орындауға мүмкіндік мол.

Бірақ, әдебиет тек қана ғұламалар мен таланттар жазған туындылардан тұрады деп түсіну мүлде қате. Әдебиетте көрнекті қаламгерлер таба алмай жүрген көркемдік-идеялық, түрлік (формалық)-стильдік жаңалықтарды, талантты жастардың, болмаса белгісіздеу қаламгердің өз шығармашылығында пайдалануы әбден мүмкін. Бұл жаңалықты саналы түрде, әдейі қолданбаса да шығарма мәтіні ішінде күтпенген жерде кездесетін мұндай жаңалықтардың орны бөлек. Тіпті оған автордың мән бермеуі де мүмкін. Сыншы, зерттеушілер тарапынан да бұл жаңалықтың, детальдің бағаланбауы да ғажап емес. Ал осы көркем идея әдеби процеске жіті көз тігіп отыратын талантты қаламгердің қаламына іліксе, бұл жаңа өрнек бірден көзге түсіп көпшіліктің назарын аударады. Бірте бірте соның ашқан «аралы», жаңалығы тәрізді қабылданып та кетеді.

Ә. Кекілбаев қолданған «мәңгірт»ке байланысты астарлы мағына кейін Ш.Айтматов шығармасында өзгеше символға, әлемдік көркем ұғымға айналады. Мұндай мысалдарды әлем әдебиетінің де көптеп кездестіруге болады. Мәселе кімнің бірінші қолданғанында емес, адамзат руханиятының алтын қазынасына, оның дүниені, болмысты бейнелеу әрекетіндегі көркем танымының пернесіне айналуында.

Сондықтан әдебиеті тарихынан өздік жұмыстарды жоспарлау барысында өзіндік өрнегі мен айтар жаңа ой-идеясы байқала бастағы қаламгерлер шығармаларын бөлек модульге топтастырып, тақырып ретінде ұсынған жөн. Жұмыстың басты мақсаты ретінде жас қаламгерлер шығармашылығындағы жаңа көркемдік ізденістерге мән беруді көрсеткен жөн [1]. Біздің ойымызша өз бетімен орындалатын жұмыстардың тақырыптарын студенттердің өздері тандаса тіпті жақсы. Өйткені өздері таңдаған тақырыпты қорғау барысында олардың аянбасы анық. Ал оларға бағыт пен бағдар көрсетіп көмектесіп отыру жоғары оқу орындары кафедраларының, ұстаз ғалымдарының негізгі міндеті. Осында ойланатын да біраз мәселелер бар. Ең бастысы, тақырыптарды алдын ала ұсынып, ғылыми кеңестерде бекітіп алғаннан кейін оны алмастыруға рұқсат етпеу.

Әдеби процеске абайлай еніп, біртіндеп орныға бастаған жаңа әдіс тәсілдер босқа қалмайды, жаңа таным өрнектерін әкеледі. Сол жаңалықтардың көрініс табар алаңы - жастар шығармашылығы. Әрине олардың барша ізденістерін көркем үлгі, үлкен табыс деп қабылдауға болмайтыны түсінікті. Сондықтан студенттер таңдаған эстетикалық объектілер туралы ойлана қарауға, талдап, байқауға міндеттіміз. Оны түсіндіруде жаңаша ойлау мен таным технологияларын қолдануды шәкірттерге асықпай дәйекті түсіндіру тиімді нәтижелерге қол жеткізеді. [1]

Қоғамдық сана көңіл аудара бастаған әдеби құбылыс пен шығарманы көркемдік дамуының маңызды бөлшегі ретінде қарастыру көптен бері қолданылып келе жатқан тәсіл. Ол жазу стиліне байланысты бөлектене ме, идея

мазмұнымен өзге көріне ме, әйтеуір қоғамдық санада қозғалыс туғызса әдеби сында жиі көтеріліп сөз бола бастайды. Көркем шығарма болмысындағы тосындау көрінген жаңалықтардың көпшілік ықыласы мен тығыз байланысы бар. Ол тек қана қазақ әдебиеті аясында ғана емес, әлемдік әдебиет төңірегінде де солай. Міне әдеби дамудың басты қозғаушы күші ретінде осы процестің басты құрылымын студенттерге түсіндірудің маңызы да сондықтан да зор. Талапты студенттердің өздеріне айрықша ұнаған шығармалар туралы дауларға тайынбай араласуы сондықтан. Міне осы тұстарда оларға қолдау көрсетіп отырудың психологиялық маңызы үлкен.

Әдетте студенттер өздері ұнатқан шығармаларды әлемдік әдебиеттегі белгілі шығармалар мен құбылыстарға салыстыра талдауға ұмтылады. Олардың бұл әрекеттерінде қайшылықтар көп болса да шошынудың қажеті жоқ. Өйткені *көркемдік танымға байланысты* өз беттерімен орындалатын жұмыстарындағы басты мақсатты осы қызығушылықпен байланыстырудың мәні зор. Қазақ әдебиетіндегі шығармашылық ізденістерді әлемдік әдебиеттегі құбылыстармен салғастыра, салыстыра талдауға ұмтылу ғылыми тұрғыда деректі нәтижелерге жақындатары даусыз. Тек оны жүйелі түрде жүргізіп отыруға ұмтылу қажет-ақ. Студенттердің осы ұмтылыстарына көңіл аудару біздің әдебиеттануды замана талабына сай деңгейге көтереді.

Қазақ қаламгерлері арасында замана талабына сай жаңа көркемдік танымды қолданушылар бар. Мәселен, М. Шаханов[2], Т. Әбдіков, Т. Нұрмағанбетов[3], Иран-Ғайып, Е. Раушанов, Р. Мұқанова, Д. Амантай[4], А. Алтай [5], Т. Әбдікәкімов, Г. Салықбай, Н. Бердалы т.б. шығармашылығы қоғам алдында пайда болған мәселелерді жаңа көркемдік танымда бейнелеуге ұмтылып келеді. Эстетикалық объектіні сезіну мен қабылдау ой мен парасатты байымдау замана талабына сай деңгейіндегі көркем өрнектерге ұласа бастады. Аталған қаламгерлердің шығармашылық ізденістері әлемдік әдебиетте өтіп жатқан көркемдік жаңалықтармен үндеседі деп айтуға әбден болады. Олардың шығармалары Қазақстаннан тыс елдерде де өз оқырмандарын табуда. Мәселен, М. Шахановтың жаңа сипатты романдары мен өлең толғауларының Америка, Франция, Жапония елдерінде сөз болуы осыны анық көрсетеді. Ал орыс тілінде жазатын қазақ

жазушылары Б. Қанапьянов, Д. Нақыпов т.б. шығармашылығындағы көркемдік ізденістер мен табыстардың шетелдік сыншы, зерттеушілер тарапынан жоғары бағаланып отырғанын айрықша айтуға болады.

Қазақ жазушыларының эстетикалық объектілерді қабылдаудан пайда болған ой, сезімдерін бейнелеудегі табыстары жеміссіз емес. Алайда оны қаламгерлік стиль, бейнелік (образылық), таңбалық өрнек деңгейіне көтере алмауда алда тұрған қиындықтар да аз емес. Бірақ, жас қаламгерлердің замана талабына сай жаңа бейнелеу құралдарын (кең мәнінде) қолдануға ұмтылыстары қуантады. Өз беттерімен ғылыми жұмыстар орындаушы студенттердің соны ой мен сезімдерді жаңаша бейнелеуге ұмтылысушы қаламгерлердің осы бағыттағы ізденістерін талдауға талпыныстары күптарлықтай. Бұл ізденістерде табыстар да жоқ емес. Біршама тиянақты орындалған жұмыстарда қаламгерлер ізденістерінің басты арналары уақыттың жаңа танымдарын өзгеше, дара суреттеуге бағытталуға тиіс деген тұжырымдар жиі айтылады. Демек: «Көркемдік таным табиғатын өзіндік мүмкіндігін жетілдіре отып, адам баласы жаңа ғасыр, ғалам сырын жете таныу, игеру жолында құлшына қызмет етуде»-деп айтқандай [4], жаңа бейнелеу технологияларын замана талабына сай әдіс-тәсілдермен көмкеру, әрлеу қажет екенін студенттер өз жұмыстары, тәжірибелері арқылы біле бастады деген сөз.

Әрине, замана талабына сай жаңа таным, жаңа әдіс-тәсілдер дегенде, көпшілікке таныс, белгілі қаламгердің бұрынғы оқырмандары, олардың дүниетаным, ойлары қайда қалады, олар да ескірді ме, -деген сұрақтардың да туындауы мүмкін. Алайда, замана талабынан туындай бастаған жаңалықтарды жастар тез қабылдайды, танымды тез өзгертеді деп айтуға болатын да шығар. Мұнда ойлануға тура келетін мәселелер аз емес. Студенттер өз жұмыстарында оның бәрін ескеріп жатпайды. Сондықтан, олардың жұмыстарымен орындау барысында танысу үстінде көптеген жайларды мұқият түсіндіруге тура келеді.

Қаламгердің, замана дамуының көкжиегіне көз тігетіні шындық. Ендеше оның талаптарын, заңдылықтарын, қоғамдық сана қабылдауын ескермеуге болмайды. Сондықтанда адамзат баласы алдына замана тартып отырған барша ірі құбылыстарды көркем суреттеу, ұлттық дүниетанымға сай бейнелеп көрсету барлық қа-

ламгерлер алдындағы қасиетті борыш болмақ. Осы деңгейден табылатын шығармалар ғана қазір де, болашақта да оқырманын табады ғой деген ойдамыз.

Әлемдік деңгейдегі мәнді мәселелерге мәдениет пен өнер шеберлері көз тігеді. Бірақ, ол нақты ұлттың төл мәдениеті мен әдебиетінің дамуынан, ішкі жағдайлардан тыс бола алмайтыны түсінікті. Мәселен қазақ әдебиетіндегі, кез-келген шығарма негізінен қазақ руханиятына қатысты жайларды бейнелейді. Әлемдік, жаһандық мәселелерге де сол арқылы келеді. Ғылыми жұмыстарды орындауға кіріспес бұрын студенттерге ең алдымен осы жайларды мықтап түсіндіру керек. Әлемдік әдебиет дамуы туралы ойларға, пікір таластарына бармас бұрын алдымен осыны түсініп алғандары жөн.

Әдебиетіміздің аса көрнекті өкілдері, Ә. Нұрпейісов [6]. З. Қабдолов [7]. Ә. Кекілбаев, М. Мағауин [8], Т. Нұрмағанбетов, Б. Мұқай [9], Т.Әбдікәкімов т.б. шығармаларындағы көркемдік табыстар мен жаңа танымдарға қазақ елі мен ұлтының басындағы уақиға, құбылыстарды тереңдей, жан-жақты суреттеумен келген. Бірақ, бір өкініштісі, олардың шығармаларында келісті көрініс тапқан жаңа көркемдік-идеялық табыстарды, бейнелеу әдіс-тәсілдерін әрі дамытушылар көп емес. Әркім өзінше жаңа тәсілдер іздегенмен, табылған жемісті бейнелеу құралдарын байқап көру, пайдалану аз. Қысқаша айтқанда, жеке ізденістер бар да, қол жеткізген табыстарға көңіл аудару, қолдану, дамыту жоқ. Бұл біздің алдымыздағы басты қиындықтың бірі болып тұр. Біздің әдебиетіміздің тарихына бұл мәселе баяғыдан таныс. Кезінде Б. Майлин, М. Әуезов, Ф. Мүсірепов т.б. дәстүрін ұстаушылардың аз болмағаны белгілі. [6] Алайда, бүгінгі таңда осы дәстүрге көңіл бөлушілердің көп еместігі де көрініп-ақ тұр. Ешкімге ұқсамаймын, өзімше жазамын, өз стилімді, өрнегімді табамын деген мақсат теріс емес, алайда мықты мектептің әсері, ықпалы – өнер жолындағы үлкен күш, мұны ескермеуге болмайды. Мына озық технологиялар мен информациялар заманында адалардан және «шайтан арба» (велесипед) жасап әуре болудан сақтайтын төле жол осы. Мықты мектептің қажеттігі әдебиет қана емес, өнер мен спортта да табысқа жетудің бірден бір құралы болып отырғаны күпия емес.

Міне, өздік жұмыстарда, мәселен текстологиялық тапсырмаларды орындау барысында студенттерге осы жайларды ұсынып, олардың

шешімдері мен нәтижелерін тексеру, түсіндіру керек.

Шығармашылық табыс ретінде байқала бастаған көркемдік – идеялық ізденістерді көре білу, оның кейбір сырлары мен заңдылықтарын әдеби үдерісті, нақты шығармаларды талдау арқылы ұғыну студенттердің өз беттерімен орындалатын жұмыстарының аса маңызды шарты. Оны алғаш ұсынушы. Қолдаушы, дамытушы шығармашылық күштерді таба білудің де маңызы өте зор.

Көркемдігі жоғары шығармаларды табу оңай емес. Ол үшін өте көп оқу қажет. Ал мұдай мүмкіндік жоғары мектеп ұстаздарында көп бола бермейді. Жаңа ізденістерге көз тігіп, шығармашылық істерінде осы қиын жолға шығып отырған қаламгерлер туындыларының басты заңдылықтары туралы ойланып көру, пікір айту үлкен міндеттеріміздің бірі. Міне осы бағытта жақсы шығармаларды таңдауда студенттер көмегінің маңызы өте зор. Жазушылардың шығармаларына айрықша қоғамдық ықылас қалыптастыратын жаңа ізденістер. Міне осы ізденістердің алғашқы табыстарға жігерлендіретін пәрменді ықпалының қандай екенін студенттер өздік жұмыстарында айтып көреді. Әсіресе әдебиеттану мен әдеби сын маңында жүргендердің сын, мақалаларындағы айтылған заңдылықтарға көңіл бөледі. Ал ол мақалалардағы ааторлардың шығарманы өзінше қабылдауы, қандай жағдайда жазылғаны ескеріле ме, мәселен, мерейтойлық мақала болса т.б. осыларды ескерудің қажеттілігін түсіндіру керек.

Қаламгерлер шығармашылығын қолдайтын, қанаттандыратын стимул (ынталандыру) ретінде соңғы кездері үкімет тарапынан тағайындалып жатқан сан түрлі гранттар мен сыйлықтар, мүшәйралардың ролі зор болып табылады. Бұл белгілі бір әлеуметтік, тарихи маңызы бар тақырыптар туралы жазуға қаламгерлердің біраз тобын бағыттайтын үлкен фактор болып табылады. Әрі шығармашылық шабытты ғана емес, қолды байлайтын қаражаттық мұқтаждықты, біраз уақытқа болса да, шешуге жәрдемдеседі. [5]

Жаңа сипатты шығармалардағы жаңа бейнелеу әдіс-тәсілдерін, құралдарың ажырату оңай шаруа емес. Студенттер алғашқы жұмыстарында шығарманың ұнағанын ғана айтады. Несімен ұнады дегенге ауыз толтырып ештеңе айта алмайды. Ал олардың алдындағы басты міндеттің бірі – таңдалған шығарманың көркемдігі, жаңалығы туралы талдай жазып көр-

сету. Сол талдауларына сүйене отыра дүниеге жаңа өрнектің келуіне жағдай жасаған жаңалықтарды түсіндіру.

Талантты қаламгерлердің маңдай тері, ұйқысыз түндері мен мазасыз күндері көп ізденістер арқылы дүниеге келетін шығарманы бірден қоғамдық сана жақсы қабылдайды деп айтуға болмайды. Тіпті, ұнағанның өзінде де алуан түрлі пікірлер таласының нысанасынан өтеді. Оның нағыз бағасын көрсететін уақыт. Ендеше, өздеріне әлдеқалай ұнаған шығарманы аса көркем туынды ретінде бағалай бастау студенттер арасында жиі кездесетін құбылыс. Ол үшін студентке ренжудің де, болмаса мақтаудың да қажеті шамалы. Одан да жаңалыққа көз тігіп, жаңа танымды дүниелерді, шығармаларды жасап жатқан қаламгерлер ізденістерін көрсетіп, қолдан келгенше олардың өз кемшіліктерін талдап түсінуіне, ізденістерін жалғастыра беруіне жағдай жасау қажет. Олар сол бағыттарын тынбай, тынымсыз жалғастыра берсе, осының өзі оларды тәрбиелеудің дұрыс жолы болып табылады. Көп оқу, тынымсыз еңбектену жаңа белестеріне алып шығары анық. Бұл - біз үшін ең маңызды белестің өзі. Осы ізденістер негізінде жазылған өздік жұмыстарды жаңа көркемдік мақсаттағы ізденістердің басы деп атауға әбден болады.

Көңіл аударатын мәселенің бірі – жаңа таным дәлелі ретінде таңдап алынған шығарманың тілін, стилін, құрылымын талдауға айрықша көңіл бөлген дұрыс болады. Негізінде студенттер алғаншы жылдары шығарманың мазмұнын қайталауға тырысады. Шығарма көлемі мол болған сайын, құрлысы күрделі болған автор баяндайтын мазмұннан шықпайды. Өзге шығармалармен салыстыруға мүлде көңіл бөлінбейді. Тіпті талдау барысында өзіндік ой, танымын байқайқата бастайтын ойлар да көп болмайды. Кейбір талантты студенттер болмаса көбі алғашында мазмұндаумен ғана шектеледі. Осы бағыттағы талдаулармен шектелетін топтардың ізденістерін де талдап тексеру, әлсіз тұстарын көрсетіп отыру өздік жұмыстар үшін аса маңызды шарт. Көркемдік ізденістерді тез табуға және тереңдей талдауға, өзіндік ой айтуға жағдай жасайтын тәсілдерді түсіндіру үйрету қажат. Сөйтіп бірте-бірте көрші

елдер мен озық әдебиеттерде өтіп жатқан үдерістерді туған әдебиет мысалдарымен түсінуге жағдай жасалады.

Студенттер замана талаптарын жақсы біледі. Бұл бағытта таластың болуы мүмкін емес. Бірақ, ұстаздар тарапынан да ескеруге тиісті мәселелер бар. Ең алдымен олардың таңдаған тақырыптарын дұрыс талдауына, әдіснамалық көмек көрсету. Өйткені, шығармаларды талдау барысында уақыттарын текке жіберіп алмауларын түсіндіру керек

Бүгінгі заман – басқа заман. Әсіресе, студенттердің дүниетанымы тез өзгеріп келеді. Талғам мен тілектері жоғары. Олардың көбі әдеби әлемдегі озық қазыналарды еркін аралай алады. Сондықтан олардың алдына жоғары талап қойып жаңа танымдардың сұлбасын байқауға әбден болады. Тек ең алдымен алдына қойылатын мақсаттарды түсіндірсе болды. Замана талабына сай жаңа ізденістердің небір көріністерін бірден тауып, талдап көрсете алады. Мен соған кәміл сенемін..

Алда тұрған міндеттің бірі – студенттердің эстетикалық дүниетанымының замана талабына сай болуын болуын қадағалап отыру. Бүгінгі таңда бұған мүмкіндік өте көп. Теледидар, интернет, өзге де БАҚ құралдары беттеріндегі жаңа таным, ізденістерге байланысты маңызды материалдарды бақылып отыру керек. Олардың мәнді жаңалықтардан көз жазып қалмауына қолдау көрсету қажет.

Студенттердің өздік жұмыстарында әдеби сын назарына ілігіп, қоғамдық сана көңіл аудара бастаған әдеби құбылыстарды таңдап алып талқылауға айрықша көңіл бөлген дұрыс болып табылады. Әсіресе жас қаламгерлердің, шығармашылығы мен талантты туындыларын таңдауда оларға барша мүмкіндіктер берген абзал.. Олардың шығармаларында бүршік жарып бой көтере бастаған жаңа таным бейнелерінің өрнектерін олардың бірден табатынына менің сенімім мол.

Ұсыныс ретінде төмендегі жайларды айтамыз. Біріншіден, өздік жұмыстарға тақырып немесе объект таңдауда студенттерге мүмкіндік берген жөн. Екіншіден, олардың талдаулары мен ізденістерінде байқалатын жаңа танымдарды аңғарып, атап көрсетіп, қолдап отыру керек.

Әдебиеттер

1 Оразалин Н. Әдебиеттің иесі – халық, киесі – елдің рухы...// Әдебиет мәңгілік қозғалыста. – Алматы, 2009. – Б. 624-628.

- 2 Айтматов Ч. О космоформуле карающей памяти // Шаханов М. Космоформула карающей памяти. – Алматы, 2001. – С.7.
- 3 Нұрмағанбетов Т. Таңдамалы. – Т. 2. – Алматы: Өлке, 2006.
- 4 Амантай Д. Қарқаралы басында. – Алматы, 2009.
- 5 Алтай А. Казино. – Алматы: Атамұра, 2008.
- 6 Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. – Алматы: Жазушы, 1999.
- 7 Қабдолов З. Әуезов. – Алматы: Санат, 1997.
- 8 Мағауин М. Жармақ. – Прага: Frt Fokus, 2007.
- 9 Мұқай Б. Өмірзая. – Алматы: «Парасат» журналы, 2004.

References

- 1 Orzalin N. Әдебиеттің иесі – халық, kiesi – elдің ruhy...// Әдебиет мәңгілік қозғалыста. – Алматы, 2009. – В. 624-628.
- 2 Aytmatov Ch. O kosmoformule karayuschey pamyati // Shahanov M. Kosmoformula karayuschey pamyati. – Алматы, 2001. – S.7.
- 3 Nyrmanbetov T. Tañdamaly. – T. 2. – Almaty: Өлке, 2006.
- 4 Amantay D. Qarqaraly basynda. – Almaty, 2009.
- 5 Altay A. Kazino. – Almaty: Atamıra, 2008.
- 6 Nyrpeyisov Ә. Соңғы paryz. – Almaty: Zhazushy, 1999.
- 7 Qabdolov Z. Әuezov. – Almaty: Sanat, 1997.
- 8 Maғаuin M. Zharmaq. – Praga: Frt Fokus, 2007.
- 9 Mұqay B. Өmirzaya. – Almaty: «Parasat» zhurnaly, 2004.